

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	Империя құрылымындағы Дала өлкесінің тарихы, 1822-1917 жж.
Өзектілігі	Отаршылдық кезеңдегі Қазақстан тарихы жөніндегі еңбектердің басым бөлігінде қазақтар патша үкіметінің тікелей бақылауында болып, рулық басқару жүйесіне емес, ресейдің жоғары билік органдары мен басқару институттарына толық бағынды деген қорытынды жасалады. Сонымен бірге зерттеушілер негізінен XIX ғасырдағы орыс этнографтарының, шенеуніктері мен шығыстанушыларының еңбектеріне сүйенеді. Ал жобаның идеясы – қазақтардың өздеріне тиесіл мәтіндерді пайдалану. Соның негізінде Ресей империясы қазақ қоғамының болмысын, басқару жүйесі құрылымын өзгерту жолында қандай нәтижелерге қол жеткізгенін анықтау. Қазақтардың жер аумағына бақылау орната отырып, ол әр адамның тұрмыс-тіршілігіне, отбасына, өміріне бақылау орната алды ма. Қазақ мәтіндерін лингвистикалық талдау арқылы қазақтардың рулық құрылымдарының, қоғамдық сана болмысының және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастың өзгерістеріне қаншалықты терең әсер еткенін зерттеуге мүмкіндік береді. Осының негізінде жоба Ресей империясының дискурсивті және практикалық режиміндегі қазақтардың әлеуметтік іс-тәжірибелерін, әлеуметтік институттар мен әлеуметтік этикасын зерттеуге арналған.
Мақсаты	Жобаның мақсаты «қазақ дереккөздері» негізінде патша үкіметінің мал шаруашылығы іс-тәжірибелерін, әлеуметтік кеңістікті біртектілендіру жолында қазақ қоғамының сипатын өзгертуде, тұрақтылық пен әлеуметтік тәртіпті сақтаудың ішкі тетіктерін, рулық басқару жүйесінен тыс ресейлік жаңа басқару органдарын енгізу және көшпенділердің қоғамдық санасын түрлендіруде қаншалықты нәтижелі болғанын анықтау болып табылады.
Міндеттері	Міндет 1. Жаңа империялық тарих бағытындағы заманауи батыс тарихнамасын зерттеумен қатар, әлеуметтік ғылымдар, антропология, қоршаған орта тарихы, империялардың экономикалық тарихы, этнографиялық фотосурет, Ресей империясының қажылықты ұйымдастыруына қатысты жаңа тұжырымдармен танысу. Міндет 2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы іс-жүргізу құжаттары, статистикалық және ғылыми-зерттеу экспедицияларының материалдары, бірқатар ғылыми-публицистикалық еңбектер мен әкімшілік билік өкілдерінің қызметтік қажеттіліктер үшін жасалып, пайдаланылған ғылыми еңбектерінің жиынтығын талдау. Міндет 3. Ру-тайпалық құрылым, әлеуметтік институттар мен қоғамның ішкі құрылымдары туралы, сондай-ақ қазақтардың әлеуметтік өмірі жөніндегі ресейлік сараптамалық білімнің (этнографтардың, шенеуніктердің, әскерилер мен шығыстанушы ғалымдардың еңбектері) шектеулі сипатын көрсету. Міндет 4. Қазақ мал шаруашылығына империялық ветеринарлық іс-тәжірибелердің енгізілуі көшпенділердің

	қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделі өзгерісіне бағытталғанын зерттеу. Міндет 5. М. Өтемісұлы, М. Мөңкеұлы, Д. Бабатайұлы, А. Құнанбаев, М.Ж. Көпеев, Ш. Құдайбердіұлы мәтіндерін герменевтикалық оқу арқылы сол тарихи кезеңдегі қазақтардың өмірлік құндылықтарының тізбегін анықтау. Сонымен қатар, сол кезеңнің және қазіргі заманғы шежіреге талдау жасау. Міндет 6. Белгілі орыс этнографы, фотограф С.М. Дудиннің 1899 жылғы экспедиция барысындағы Семей облысы бойынша фотоколлекциясын Ресей этнографиясының дамуы мен Париждегі 1900 жылғы Дүниежүзілік көрмеге өзгеше ұсыну жолдары тұрғысынан талдау жасау. Міндет 7. Дала өлкесіндегі қажылықты ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу. Міндет 8. Рулық қатынастың ішкі институттарының және олардың рулық бірлікті сақтаудағы рөлін зерттеу. Сонымен қатар, қазақ таксономиялық топтарының базалық терминдерін замануи антропология ғылымының аналитикалық тіліне аудару.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	Жобаның тұжырымдамалық негізі қалыптастырылып, әдіснамалық тәсілдері анықталды. Жаңа империялық тарих бағытындағы заманауи батыс тарихнамасын зерттеумен қатар, әлеуметтік ғылымдар, антропология, қоршаған орта тарихы, экономикалық тарихы, этнографиялық фотосурет, Ресей империясының қажылықты ұйымдастыруына қатысты жаңа тұжырымдарына зертеу жүргізілді. Талдау әдістері де жаңалығымен ерекшеленді. Алғаш рет дискурс талдау әдісі таңдалып, қазақтардың әлеуметтік құрылымына ішкі қазақ және сыртқы орыс көзқарастарын ажырату үшін қолданылатын болады. Ғылыми зерттеу жобасы туралы және оның нәтижелерін әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар, білім беру қауымдастығы және қалың жұртшылық арасында тарату үшін интернет желісінде арнайы жобаның веб-парақшасы құрылып http://historyofstepnoikrai.tilda.ws, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сайтының ресми парақшасында да жоба мен орындаушылар жайлы ақпарат енгізілді http://farabi.university/departments/58?lang=kz Ғылыми-зерттеу іс-сапарлары орындалып (Орынбор, Санкт-Петербург), барысында зерттеудің дереккөз базасы жинақталды. Орынбордағы (Ресей) ғылыми-зерттеу жұмыстары Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатында (ГАОО) жүргізілді; Санкт-Петербуркте (Ресей) ғылыми-зерттеу жұмыстары Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА) жүргізілді, сонымен қатар Санкт-Петербурктегі Ресей Ұлттық кітапханасында (РНБ) ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді; Қазандағы зерттеу жұмыстары Н.И. Лобачевский атындағы Қазан федералды университетінің ғылыми кітапханасында жүргізілді. Ру-тайпалық құрылым, әлеуметтік институттар мен қоғамның ішкі құрылымдары туралы, сондай-ақ қазақтардың әлеуметтік өмірі жөніндегі ресейлік сараптамалық білімнің (этнографтардың, шенеуніктердің, әскерилер мен шығыстанушы ғалымдардың еңбектері) шектеулі сипаты

	зерттелді. Нәтижесінде ғылыми мақала қолжазбасы дайындалды. Рулық сана және оның қоғамдық қатынастарды реттеуші рөлі туралы қазақ мәтіндері (М.Өнтемісұлы, М.Мөңкеұлы, Д.Бабатайұлы, А.Құнанбаев, М.Ж.Көпеев) зерттелді. Нәтижесі ғылыми мақалалар түрінде жарияланды. Этнографиялық фотосуреттің стратегиялары, мүмкіндіктері мен шектеулері көрсетіліп (С.М. Дудиннің 1899 ж. Семей облысына сапарының нәтижесі бойынша коллекциясы), 1900 ж. Париждегі көрмеде қазақтарды таныстырудың теориялық негіздері – империялық гибридтілік (түрлілік) деп анықталды. Нәтижесінде ғылыми мақала қолжазбасы дайындалды. Дала өлкесіндегі қажылықты ұйымдастыру ерекшеліктері зерттеліп, қазіргі кезде өлкеден Меккеге қажылық сапарының бағдары, ұйымдастырушылық сәттері саралануда. Алғашқы нәтижелері ғылыми мақала түрінде жарияланды.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Дуйсебаева Айбуби Иманалиевна ResearcherID: GYQ-7430-2022 ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2113-5145 Scopus Author ID: 57729531700 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57729531700 Кундакбаева Жанат Бековна ResearcherID: N-7439-2014 ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3074-6332 Scopus Author ID: 57188835180 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57188835180 Телеуова Эльмира Тешебаевна ResearcherID: N-7429-2014 ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8014-6787 Scopus author ID: 57193222673 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57193222673 Ян Кэмпбелл (Ian Campbell) Scopus Author ID: 55414473800 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=55414473800 Искакова Галия Зейдильдаевна ResearcherID: N-7352-2014 ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3175-7930 Scopus Author ID: 56584409000 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56584409000 Қабдолдина Керім Қуанышқызы ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6703-6871 Ноянов Еділ Ноянұлы ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6732-1998

	Scopus author ID: 57210898286 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57210898286
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	1. Қабдолдина К.Қ. Ресей империясында қажылық жолдардың қалыптасуы мен маңызы: Дала өлкесінен Меккеге сапар // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы. – 2024. – №3(114). – Б.101-110. https://doi.org/10.26577/JH.2024.v114i3-010 2. Телеуова Э., Исакова Г. «Зар заман» шығармаларындағы отарланған қазақ ойы мен күйінің әрленуі. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих Сериясы. – 2025. – №1(116). – Б. 109-122. https://doi.org/10.26577/JH2025116109 3. Исакова Г.З., Телеуова Э.Т. Қазақ қоғамы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармалары призмасы арқылы // «ҚР ҰҒА хабаршысы» ғылыми журналы. – 2025. – №3(415). – Б. 118-132. https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.955
Патенттер туралы ақпарат	Жоқ